

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 431 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қарашадағы N 1126 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 422 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.06 № 422 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 431 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 13, 147-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссияның құрамына: Құлмаханов Шалбай Құлмаханұлы - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, төраға болып енгізілсін;

"Лавриненко Юрий Иванович - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация бірінші вице-министрі" деген жолдағы "бірінші" деген сөз алынып тасталсын;

көрсетілген құрамнан Көпеев Мұхамбет Жұманазарұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі